

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік университеті

2024-2025 оқу жылындағы

Стратегиялық даму және сапа комитеті мәжілісінің

№3 хаттамасы

Түркістан қаласы

23 маусым 2025 жыл

Сағат 14:30

Қатысқандар: комитет мүшелері

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Даму бағдарламасының оқу жылы бойынша орындалуы туралы;
2. Сыртқы бақылау аудиті нәтижелері туралы;
3. Сапа бойынша мақсаттарының орындалуының жылдық есебі туралы;
4. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша комитет төрайымы А.Ошибаева Даму бағдарламасының университетіміз үшін аса маңызды құжат екенін айта отырып, оның негізгі мақсаттары мен индикаторлары бойынша орындалу деңгейін айтып өтті. 2024-2025 оқу жылындағы атқарылған жұмыстардың нақты нәтижелері ұсынылды. Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы С.Қырықбаеваға 2024-2025 оқу жылының Даму бағдарламасының орындалу көрсеткіштерін кесте түрінде таныстырып, баяндама жасады (қосымша тіркелді). Жалпы индикаторлардың саны - 89 екеніндігін және ол индикаторлардың 48,3 %-ы толық орындалғанын, бұл Даму бағдарламасының тиімді іске асқанын көрсетеді, ал 32,6% көрсеткіш орындалу үстінде. Институционалдық нысаналы индикаторлар-31, академиялық нысаналы индикаторлар-3, ғылыми нысаналы индикаторлар-21, клиникалық-диагностикалық орталық -6 дей келе, орталық басшысы Даму бағдарламасының орындалу үшін ұжым болып бірлесе жақсы нәтиже көрсету керектігін айтып сөзін қорытындылады.2024-2025 оқу жылының Даму бағдарламасының орындалу барысын жалпы оң бағалап, алдағы кезеңге нақты мақсаттар қойды.

Шешім: Стратегиялық даму жоспарының 2024-2025 оқу жылы бойынша есебі назарға алынсын.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша орталық басшысы С.Қырықбаева 2025 жылдың 13–16 мамыр аралығында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде ISO 9001:2015 халықаралық сапа менеджменті стандартына сәйкестікті растауға арналған сыртқы сертификаттық аудит өтті. Аудитті Анкара қаласынан келген Түрік стандарттар институтының (TSE) ресми делегациясы жүргізді. Аталған ұйым IQNet халықаралық желісі аясында аккредиттелген. Аудиторлық топты TSE-нің бас

аудиторы мырза Решит Языджыоглу басқарды, топ құрамында доктор Зюльфия Дағлы жұмыс істеді. Төрт күн бойы TSE өкілдері университеттің құрылымдық бөлімшелерінде кешенді аудит жүргізіп, университет басшылығымен, құрылым жетекшілерімен және қызметкерлерімен сұхбаттар өткізіп, сонымен қатар ішкі құжаттамалармен танысып, негізгі үдерістерді бағалады. Аудит 30-дан астам құрылымдық бөлімді қамтыды, олардың қатарында факультеттер, ғылыми-зерттеу институттары, департаменттер, кітапхана, қаржы бөлімі және Кентау кампусы. Аудит барысында сапа саясатына, университетте сапа мәдениетін дамытуға және тәуекелдерді басқару жүйесін енгізуге ерекше назар аударылды. 2025 жылғы 16 мамырда аудиттің қорытынды брифингі өтті. Онда аудит тобы алдын ала нәтижелерді ұсынып, ХҚТУ-нің сапа менеджменті жүйесі тиімді жұмыс істейтінін, халықаралық стандарт талаптарына сәйкес келетінін және жоғары деңгейдегі тұрақтылық пен кемелдік көрсететінін атап өтті. Университет басшылығының белсенді рөлі мен барлық деңгейдегі қызметкерлердің сапа үдерістеріне белсенді қатысуы жеке атап өтілді. Аудит қорытындысы бойынша университет TSE тарапынан оң баға алды, ал ISO 9001:2015 халықаралық сапа сертификатының қолданылу мерзімі ресми түрде ұзартылды деп сөзін аяқтады орталық басшысы С.Қырықбаева.

Шешім: Университетте Түрік стандарттар институты (Анкара) тарапынан жүргізілген сыртқы бақылау аудиті туралы мәліметтері назарға алынсын.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы С.Қырықбаева, 2024-2025 оқу жылының сапа мақсаттарының орындалуы жөнінде таныстырып өтті (қосымша тіркелді). Ол кестеде ұсынылып отырған университеттің сапа бойынша мақсаттары стратегиялық даму бағдарламасымен үндесетіндігін, Стратегиялық даму бағдарламасының көрсеткіштері орындалса, сапа бойынша мақсаттардың орындалғанын білдіретінін, Стратегиялық жоспар көрсеткіштерінің орындалуы 1-мәселеде көтерілгенін айтты. Комитет мүшелері ұсынылып отырған сапа бойынша мақсаттары есебінің жобасымен таныс екендігін, бекітуді қолдайтындықтарын білдірді.

Шешім: Университеттің 2024-2025 оқу жылының Сапа бойынша мақсаттарының есебі бекітуге ұсынылсын.

Стратегиялық даму және
сапа комитетінің төрайымы



А.Ошибаева

Хатшы



Ж.Сейткулова